

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

Аналитикалық іскерлік педагогикалық құбылыстарды талдай алу, зерттейтін құбылыстарға сәйкес педагогикалық теорияларды, заңдылықтарды анықтау, педагогикалық құбылыстарды дұрыс болжай алу, міндеттерді тиімді шешу жолдарын анықтаудан тұрады.

Болжау іскерлігі білім беру үрдісін басқарумен байланысты және ол басқару субъектісі мен күтілетін нәтижеге бағытталады. Педагогикалық болжау педагогикалық үрдістің логикасы мен мәні туралы нақты білімге негізделеді. Болжау іскерлігі білім берудің мақсаты мен міндеттерін анықтаудан, оларға жету үшін әдістерді таңдаудан, мүмкін болатын кедергілерді білу, оларды жою жолын білуден, білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсерлесу мазмұнын жоспарлаудан құралады.

Жобалау іскерлігі деп оқыту және тәрбие жолдарын нақтылау, кезеңдер бойынша негіздеу, іс-әрекет түрлері мен мазмұнды жоспарлау, оқушылармен жеке жұмысты жоспарлауды айтады.

Рефлексивті іскерлік педагогтың өзіне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруда қолданылады. Рефлексия – өзімізді, әрекеттерімізді талдауға бағытталған теориялық іс-әрекеттің ерекше түрі [6, 107 б.].

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселерді қорытындыласақ, жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі кәсіби тұрпатты маман дайындаудағы қоғамның сұранысы мен қажеттіліктерінен туындағанын түсінеміз. Жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалім арнайы, әлеуметтік, білім беру құзыреттіліктерін игеруге тиіс. Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігі педагогикалық қабілеттер негізінде және құзыреттілік түрлерінің жиынтығынан тұрады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық іскерліктің түрлерімен де тығыз байланысты. Педагогикалық іскерліктер – мұғалімнің әр түрлі әрекеттерінің жиынтығы, ең бастысы олар педагогикалық іс-әрекеттің қызметіне сәйкес келеді, белгілі бір мөлшерде мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

Әдебиеттер

1. Таубаева Ш. Жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандарды даярлау сапасын басқару. – Алматы, 2006. - 32 б.
2. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. – Алматы, 2011. - 64 б.
3. Кертаева К.М., Боталова О.Б. Организация психолог-педагогических исследований. – Павлодар, 2005. - 122 с.
4. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. – Алматы, 2012. - 155 б.
5. Новиков А. Методология образования. – Москва, 2002. - 178 с.
6. Қаңтарбай С.Е., Жусупова Ж.А. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі. – Алматы, 2011. - 107 б.

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ИМИДЖІ

Ботабаева А.Е.

П.ғ.к., доцент м.а.

Ускенбаева Ж.Е.

2-курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Анотация. В этой статье рассматривается обзор концепции имиджа педагога-психолога. Описана сущность роли изображения, словесного и невербального поведения, речи и распространенности. Важность изображения для педагогического и психолога передается, а также дано его компоненты.

Ключевые слова: имидж, педагог-психолог, имиджелогия, поведения, этикет.

Abstract. This article provides an overview of the concept of the image of a teacher-psychologist. The role of image, the meaning of verbal and nonverbal behavior, speech and non-

speech etiquette are outlined. The importance of the image for the teacher-psychologist is shown, its components are given.

Key words: image, teacher-psychologist, imageology, behavior, etiquette.

Педагог-психолог екі ежелгі мамандықты – психология мен педагогиканы жетік білетін, жас ұрпақты тәрбиелеумен ғана емес, сонымен бірге баланың психологиялық дамуы мен психикалық ерекшеліктерінің қыр-сырын білетін маман болып табылады. Бұл кәсіптің адамдары көбінесе адам жанының тәрбиешілері деп аталады, бұл олардың жұмысының мәнін дұрыс көрсетеді. Егер психология саласындағы маман адамның жаны туралы теориялық білімге ие болса, онда педагог-психолог бұл білімді білім беру әдістерімен байланыстыра алады және балаларды қоршаған қоғамға бейімдей алады.

Сонымен қатар, педагог-психолог қамқорлыққа алынушыларға өзінің жеке қасиеттерін ашуға және жалпы қабылданған моральдық нормаларға сәйкес іс-әрекет жасауға көмектеседі, сондай-ақ жанжалды жағдайларды және туындаған өмірлік проблемаларды шешуге олардың мінез-құлқын модельдейді. Өз саласының маманы баланың мінез-құлқының жасырын себептерін көре алып, оның әрекеттерін талдайды және өзін түсінуге көмектеседі. Педагог-психологтың көмегімен тәрбиеленуші мақсат қоюға және оларды іске асыру жолдарын табуға үйренеді.

Бұл саладағы жақсы мамандар қазіргі қоғамда үлкен сұранысқа ие, сондықтан мамандықты перспективалы деп санауға болады. Десек те, бұл маман иелері басқа мамандық иелеріне қарағанда бірден көзге іліне бермейді. Оның қызметінің қауыртығынан ба әлде қызмет бағытына байланысты ма бұл көпшілік үшін назардан тыс мамандықтар қатарына кіретіндей болып көрінеді. Алайда қазіргі жылдам өзгермелі заманда мамандықтың өзектілігін әртүрлі құралдардың көмегімен одан әрі арттыруға болады. Педагог-психолог өз контингентімен жұмыс жасауы үшін өзімен жұмыс істеп, көштен ілгері жүруге тырысуы қажет. Ол кәсіби біліктілігінен бастап киген киіміне, дауыс ырғағына дейін өзімен айналысуы керек дегенді білдіреді. Бұл тұста педагог-психолог өзінің оң бейнесімен, яғни имиджімен жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Ең алдымен осы бейнемен жұмысты бастамас бұрын, имидж дегеніміз не және ол не үшін қажет деген сұрақтарды қарастырып өтсек. Имидж сөзін француз және ағылшын тілдерінен аударғанда бейне дегенді білдіреді. Бұл жерде бейне сөзі – тек визуалды бейнені ғана емес, сонымен қатар ойлау, іс-әрекет тәсілі. Яғни бұл дегеніміз имидж тек маманның сыртқы бейнесі ғана емес, ол оның ойлауынан, мінез-құлқынан хабар береді. Сонымен қатар, бұл қарым-қатынас жасай білу қабілеті, сөйлеу және әсіресе тыңдау өнері. Дұрыс қойылған дауыс ырғағы, дауыстың тембрі, жүріс-тұрыстың әсемдігі көбінесе білім алушылар мен әріптестердің алдында көрінетін бейнені білдіреді. Басқаша айтқанда, «имидж» сөзі кең мағынада адамның бейнесі ретінде қолданылуы керек. Американдық психолог Миллер «әдемі», «қарапайым» және «әдемі емес» адамдардың суреттерін таңдап алып, содан кейін ол сол суреттерді ересектерге көрсетіп, «бейнеленгендердің» ішкі келбеті туралы айтып беруді сұраған. «Әдемі» деп танылған суреттегі адамдарға «қарапайым» және «әдемі емес» адамдарға қарағанда сенімді, бақытты, байсалды, тартымды, жігерлі және рухани бай деп баға берген. Сонымен қатар, ер адамдар «әдемі» әйелдерді қамқор және ілтипатты адамдар деп бағалаған. Психологтар мұны «құрмет әсері» (эффект ореола) деп атайды [1]. Адамдардың бірқатар санаттарымен жұмыс істейтін педагог-психологтар мұны өз жұмысында ескеріп, өз имиджімен жұмыс істеуі және әдемі болып жүруі керек. Әрине, бұл еңбекті талап етеді, «құрмет әсерін» қалдыру жолындағы бірінші қадам – өз имиджімен жұмыс істеу.

Психологиялық әдебиеттерде «имидж» ұғымы белгілі бір құндылық сипаттамаларын ерекшелейтін және белгілі бір мақсатпен эмоционалды-психологиялық әсер етуге арналған адамның, құбылыстың немесе объектінің мақсатты түрде қалыптасқан бейнесі ретінде анықталады.

Мәселен, Э. Сэмпсон «жеке имидж – бұл оның ішіндегі нәрсені реттейтін адамның бейнесі. Бұл ғалымның пікірінше, имидж – бұл сыртқы және ішкі факторлардың үйлесімі». Сонымен қатар, П. Берд имиджді ол басқаларға көрсететін адамның бейнесі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, бұл адамның сыртқы келбеті, сөйлеуі, киінуі, әрекет етуі, сонымен қатар оның шеберлігі, пішіні, позасы және дене тілі, аксессуарлары [2].

Әр адамның өзіндік мәртебесі (статус) бар. Оны имидж деп атауға болады. Имидж – бұл жеке тұлға өзінің мәртебесіне сәйкес қандай болуы керек екендігі туралы қоғамның ойларының жиынтығы.

Мәртебеге сай болмау – бұл қоғамға қарама-қайшылық, ол табиғатта әлеуметтік болып табылатын адамның психикасына деструктивті болып табылады. Имиджді қалыптастыру, оған қамқорлық жасау өзін-өзі дамытуға және психологиялық үйлесімділікке мүмкіндік береді.

Қолданыстағы мағына бойынша «имидж» сөзі адамға қатысты екі мағынада қолданылады: адамның сыртқы келбеті және оның беделі. Шын мәнінде, бұл екі бейне біріктіріліп кеткен. Біз сыртқы көріністі бақылап, беделін бағалаймыз! Имиджді ішкі және сыртқы сипаттамаларды (мінездемелерді) қамтитын бейне деп айтуға болады.

«Педагогтың нақты бір бейнесі бар ма?» деп белгілі психолог Л.М. Митина сұрақ қойып, оған былай жауап береді: «педагогтарды кәсіби емес ортада өте тез таниды». Автор мұның себебі мынада деп санайды «... большинство педагогов загоняют в прокрустово ложе устаревших и неконструктивных традиций и правил свою индивидуальность, самобытность ...» [3].

«Педагогикалық сөздік» бізге педагогтың имиджін «білім алушылардың, әріптестердің, әлеуметтік ортаның, бұқаралық сананың санасында педагогтың бейнесін қабылдаудың эмоционалды түсті стереотипі» ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Педагогтың имиджін қалыптастыру кезінде нақты қасиеттер басқалармен байланысты қасиеттермен тығыз байланысты».

Бұл дегеніміз әр маманның, біз қарастырып отырған педагог-психологтың жеке имиджімен байланысты, өйткені кез келген мамандық туралы жалпы түсінік оның өкілдерінің типтік ерекшеліктерін қоғамдық санада оқшаулау нәтижесінде қалыптасады.

Педагог-психологтың имиджі келесі құрылымдық компоненттерді қамтуы мүмкін, кейбірі жалпыланған түрде көрінеді: жеке сипаттамалары (мінездемелері), тұлғалығы, коммуникативтілігі, белсенді болуы және сыртқы мінез-құлқы.

Нақты бір педагог-психолог бейнесінде тұлғалық, кәсіби және жасына қатысты бейне болады. Айналасындағылар оның тұлғалығына, жасына, жыныстық және таза кәсіби қасиеттеріне қарап пікір қалдырады, ой білдіреді.

Л.М. Митина ұсынған кәсіби имидждің құрылымында сыртқы, процедуралық және ішкі компоненттер ерекше аталып өтілген. Мұндағы сыртқы компонентке мимика, ым-ишара, тембр және дауыс ырғағы, киімі, әдептілігі, жүріс-тұрысы кіреді. Педагог-психологтың сыртқы келбеті, әрине, сабақта жұмысшы немесе жұмыстан тыс көңіл-күй тудыруы мүмкін, өзара түсіністікке ықпал етуі немесе кедергі келтіруі, педагогикалық қарым-қатынасты жеңілдетуі немесе қиындатуы да мүмкін. Л.М. Митинаның пікірінше, кәсіби қызмет имидждің процедуралық компоненті арқылы ашылады, ол кәсіпқойлық, икемділік, айқындылық (мәнерлілік) және т.б. сияқты қарым-қатынас формаларымен ерекшеленеді.

Сезімдердің вербалды және вербалды емес көріністерін меңгерген және оларды мақсатты түрде қолданатын эмоционалды бай педагог-психолог өз жұмысында адамдармен, оның ішінде білім алушылармен, әріптестерімен және ата-аналармен қарым-қатынасты жандандырып, тұтынушыны табиғи қарым-қатынасқа жақындатуға қабілетті болады.

Ішкі компоненттер – бұл адамның ішкі әлемі, оның рухани және зияткерлік дамуы, мүдделері, құндылықтары, жалпы тұлғасы туралы ойлар.

Визуалды бейне – педагог-психологтың имиджінің негізгі компоненті. Мұнда жұмыс костюмінің түсі, орынды макияж, сәнді шаш және т.б. маңызды. Зерттеу жұмысы аясында

біз білім алушылар арасында сауалнама жүргізіп, респонденттердің көпшілігі педагог-психологтың бейнесінде бірінші орынға оның келбетін қоятынына көз жеткіздік. Тіпті жас мектеп оқушыларының өздері де маманның шаш пен киімінің ұсақ-түйегіне дейін байқайды.

Педагог-психологтың жұмыс костюмінің түсі үлкен рөл атқарады. Бұл кезде киімнің түсі бізге де, қоршаған ортаға да әсер ететінін ескерген жөн. Бұл біздің психологиялық сипаттамамыз, оны басқалар бейсана деңгейінде қабылдайды. Мамандардың түстер психологиясымен таныс болғандары дұрыс, себебі сол арқылы айналадағы адамдарға әсер қалдыруға болады. Мысалы, жылы түстер сенімділікке ықпал етеді, суық түстер – тәртіптілікке шақырады. Костюмді таңдамас бұрын, қандай әсер қалдыру қажет екенін ойластырып алған абзал.

Педагог-психологтың киіну стилі де маңызды, талғаммен киінген маман білім алушыларға, олардың ата-аналарына және өз әріптестеріне жағымды әсер қалдыра отырып, оларға үлгі бола алады. Бұл тұста, киімнің түсі мен стилі адамды өзінен алыстатпайтындай болғаны жөн. Ол дегеніміз қысқа, денеге тым жабысқан, ала-құла және адамдардың назарына қатты ілігетіндей болмауы тиіс.

Киім педагог-психологтың жоғары мәртебесіне сай, оның ішкі қасиеттерін көрсететіндей болуы, жеке тұлғаның бейнесімен үйлесуі керек. Осы мақсатта классика үлгісіндегі киімдер нағыз қажетті стиль болып саналады. Әрине, қазіргі кезде классикалық киімдердің сәнді нұсқалары - шалбар мен дәстүрлі костюмдер, жеңіл блузкалар, юбкалар мен көйлектер, олар ең қолайлы киімдер болып келеді. Педагог-психолог сәнді және талғаммен киінуі керек.

Педагог-психологтың ішкі бейнесі оның вербалды және вербалды емес мінез-құлқын көрсетеді. Вербалды мінез-құлық – бұл дауыс, көңіл-күй, әдемі және дұрыс сөйлеу қабілеті. Педагог-психолог имиджінің маңызды бөлігіне шешендік өнер де жатады. Сөйлеу өнері – оның икемділігі, мәнерлілігі, өзіндік ерекшелігі. Тіпті ежелгі данагерлер шешендік – бұл сөзбен шабыттандыру және сендіре білу қабілеті деп айтқан. Білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен қарым-қатынаста педагог-психолог өзінің сөйлеу тонын, дауыс ырғағын бақылап отыруы керек. Ол білім алушылардың эмоционалды жағдайына ғана емес, олардың өнімді болуына да әсер етеді. Педагог-психологтың дауысы жағымды әрі өзіне тартатындай, баурап алатындай болуы керек.

Вербалды емес мінез-құлық – бұл ым-ишара, мимика, этикет. Әдептілік кез келген ортаға тез бейімделуге, адамдармен қарым-қатынас орнатуға, яғни жылдам тіл табысып кетуге көмектеседі. Педагог-психологтың ишараты, қол сермеуі, мимикасы және сөйлеу екіні дұрыс бағытта болса, ол оның кәсіби қызметіне тек оң әсерін тигізеді.

Вербалды және вербалды емес мінез-құлық жайында айтқанда этикетке де назар аударған жөн. Сөйлеу және бейсөйлеу этикеті бар. Сөйлеу этикеті – бұл адамдар арасындағы сыпайылықты білдірудің ауызша формалары. Бұл этикет әңгімелесушілер мәтінінің стилін анықтайды. Бұл жағдайда интонация, сөздерді таңдау және сөз тіркестерінің құрылысы маңызды. Сөйлеу этикетінің ережелерін сауатты пайдалану қарым-қатынас кезінде жағымсыз эмоциялардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Бейсөйлеу этикеті – бұл белгілер жүйесі. Бұған сәлемдесу қимылдары, қоштасу, назар аудару белгілері және т.б. жатады [4].

Сәтті кәсіби имидж маманның өзінің кәсіби рөліне ену үшін қажетті имиджге қаншалықты жақсы кіре алатындығымен анықталады. Педагог-психологтың бейнесі органикалы және басқаларға тартымды болуы үшін сүйкімді әрі тартымды болуды ұмытпау керек. Тартымдылық – бұл адамдарға ұнайтын шеберлік. Тартымды адам тез және оңай өз мақсаттарына қол жеткізетіні сөзсіз. Бірақ тартымдылық – бұл біздің ішкі дүниемізден шығатындықтан, адамдарды жақсы көру үшін, ең алдымен, педагог-психолог өзін жақсы көруі керек. Ал бұған имиджбен жұмыс жасау көмектеседі. Өзіңізге қамқорлық жасау, өзіңізді күту – бұл өзіңізге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Бұл педагог-психолог қызметінде жақсы психотерапиялық әдіс боп келеді.

Болашақ педагог-психологтардың өз кәсіби қызметінде маңызды болып табылатын имидж түсінігінен қаншалықты хабардар екендігін, оның негіздерінің қолданысын және маңыздылығын анықтау мақсатында оларға шағын зерттеу жұмысын жүргізген болатынбыз.

Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтардың имидж түсінігімен толықтай таныс емес екендігін, оның қажеттілігі мен маңыздылығын жан-жақты түсіне бермейтініне көз жеткіздік. Мәселен, «Педагог-психологқа имиджбен жұмыс жасау қажет деп санайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің басым көпшілігі «білмеймін» деп жауап берсе, «Имидждің маңыздылығын қандай деңгеймен бағалайсыз?» деген сұраққа «орташа» деп жауап берген адамдар саны көп болды. Бұл болашақ педагог-психологтарды имиджелогия негіздеріне мақсатты түрде оқыту қажеттілігін көрсетеді. Педагог-психолог, біздің ойымызша, имидждің мәнін, оның қалыптасуына да, жойылуына да ықпал ететін факторларды жақсы түсінуі керек, сонымен қатар өзінің оң имиджін қалыптастырудың шарттары, жолдары мен құралдарын білуі, оларды жүзеге асыра білуі керек. Педагог-психолог өзінің имиджін қалыптастыруға өзі ат салысуы қажет.

Заманауи педагог-психолог өзін тұлға ретінде толығымен жүзеге асыра алады, оқу, тәрбиелеу іс-әрекеттерін тиімді орындауға қол жеткізе алады, тиімді оқу ынтымақтастығы мен педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыра алады. Ол үшін өзінің кәсіби-жеке қасиеттерін ұғыну және өз имиджімен жұмыс істей отырып, оларды жетілдіруді қалау қажет. Педагог-психолог өз кәсіби қызмет жолын одан әрі дамытқысы келсе, бәсекелес ортада алда болуды мақсат тұтса, еңбегінің нәтижелерін көруді қаласа өзінің имиджімен жұмыс істеуді өзіне міндет қылып алғаны жөн.

Әдебиеттер

1. Калюжный, А.А. Психология формирования имиджа учителя / А.А. Калюжный. - М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2004. - 222 с.Ф
2. Оводова А.Г. Имидж современного педагога // М.: Начальная школа плюс до и после. - 2004 - №5. - 189 с.;
3. Капустина З. Имидж современного педагога /З. Капустина // Учитель. - 2006. - №1;
4. <https://nsportal.ru/shkola/raznoe/library/2014/03/26/imidzh-sovremennogo-uchitelya>.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЦИФРЛАНДЫРУ КӨРІНІСІ АРҚЫЛЫ ӘЛ-ФАРАБИ ИДЕЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Болатбекова Н.Ж.

П.ғ.м., доцент

Еуразия гуманитарлық институты
Нұр-Сұлтан., Қазақстан Республикасы

nazgul.bolatbekova@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается один из самых актуальных вопросов современности - важность цифровизации педагогики. Кроме того, были даны рекомендации по повышению эффективности использования идей аль-Фараби с помощью педагогических цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровизация, педагогика, цифровизация педагогики.

Abstract. The article deals with one of the most pressing issues of our time - the importance of digitalization of pedagogy. In addition, recommendations were made to improve the efficiency of using the ideas of al-Farabi with the help of pedagogical digital technologies.

Key words: digitalization, pedagogy, digitalization of pedagogy.